



# Жарты ғасыр жұбын жазбаған

Дария ЕРФАЗИНА

Жастайынан арына дақ түсірмеген Көкеш пен Балшакар Айдархановтардың бір шаңырақтың астында ғұмыр кешкендеріне елу сегіз жыл толды.

Бүгінгі әңгімеімізге арқау болғалы отырған жаны жайсаң, жүздерінен нұр төгілген қариялар – өмір өткелінен сүрінбей өткен жандар.

Балалық шағын соғыс ұрлаған Көкеш те, Балшакар да өмірде ерте есейді. Сонау бір дүрбелең жылдарда Көкештің әкесі Жабай отбасымен бірге Алтай өлкесіне қоныс аударса керек. Обалы нешік, жергілікті халық ақсирақ ашаршылықтан қашқан қазақтарды жатсынбай, оларға пана болды. 1934 жылы дүниеге келген балаға молдалар Құран кітабындағы Қабдылмүкмин деген есімді береді.

Алтай өлкесінде тұрақтаған Жабай ақсақал елін бір сәт те ұмытпайды. 1958 жылдың 3 ақпанында ұлы Көкеш әке аманатын орындап, елге бет түзейді.

Айдархановтардың отбасын туған ауылы құшақ жая қарсы алады. Тепсе темір үзе-

тін, күш-қуаты тасыған Көкеш бірден еңбекке араласады.

Көкештің жан жары Балшакар Сапақызы ата-енесінің қолына жастай түседі. Сөйтен деген қайнысы, Бақыт, Сапура атты қайынсіңлілерімен тіл табысқан жас келін ұл-қызды дүниеге әкеледі.

Туған ауылы - Шоқталда еңбегі жанған Көкеш Жабайұлы кейін басшылықтың тапсырмасымен Жабағылы ауылына қоныс аударады. Жабағылыда шаруаның алға басуына үлесін қосқан ол ел сеніміне кіреді. Шаруаны дөңгелетіп әкететін іскерлігіне тәнті болған Көкеш кейін «Майқарағай» кеңшарында жауапты қызметтер атқарады.

Тоқсаныншы жылдардың қиыншылық кезеңінде совхоз таратылып, шаруашылықтар бірінен соң бірі жабыла бастайды. Бұл уақытта Көкеш Жабайұлы зейнеткерлікке шыққан болатын. Әйтсе де бала-шағасының қамын ойлап, 1994 жылы Екібастұз қаласына көшіп келеді.

- Ақсақал екеуміздің елу сегіз жыл бойы жұбымыз жазылған жоқ. Өткен өмірді еске алсақ, бақытты күй кешеміз. Ұрпағымыз – біздің байлығымыз. Балаларымыз біздің 25 жылдық күміс тойымызды, 50 жылдық алтын той-

ымызды ағайын-туыстардың, дос-жарандардың арасында атап өтті,-дейді Балшакар Сапақызы әңгімесін жалғастырып. - Қарап отырсам, көліндердің көпшілігі енесімен келіспей, дүрдараз болып жатады. Менің өнем сабырлы, момын адам еді. Мені түртпектеп, жанымды жаралаған емес. Мен де ол кісінің қас-қабағына қарап, көңіліне селкеу түсірмедім. Менің жалғыз абысыным болды. Есімі - Бақыт. Екеуміз жарты ғасырда «шай» деспедік. Өте тату едік. Сырт көз біздің сыйластығымызға қызығатын. Тағдырға шара бар ма, биыл өмірдегі сырласым, туысым әрі құрбым Бақыт өмірден өтті. Бақыттың қазасы қабырғамды қайыстырып кетті. Оның мен үшін қаншалықты ыстық екенін өмірден озғаннан кейін түсіндім.

Бүгінде Көкеш ақсақал – қазыналы отбасының қазығы. Жұбайы Балшакармен немерелері мен шөберелерін сүйіп, олардың балдай тәтті қылығына еміреніп, қуаныштарын қызықтап отыр.

**Суретте: Бірінші қатарда - (солдан оңға қарай) ортада Балшакар Сапақызы, жұбайы Көкеш Жабайұлы, екінші қатарда - ұлдары Нұрлан, келіні Күләш**